		Буындармен жаттығулар. «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызша беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (ша-) ша-(на), ша-(ғала), ша-(ла), ша-(тақ), ша-(бу), (ақ-) ақ-(ша), ақ-(қала), ақ(бұлақ); (ти-) ти-(ін), ти-(ме), (бал-) бал(мұздақ),	естісе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, м, ж, т, и, у, м, ж, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, ж, у, р, т, ж, л, у... Са, жа, ха, то, уыр, баж, пе, пу, до, жа, ио, ау, аж, ай, ми, ду, ру, жи, ба, де, са, жу, ша, ка, пу..... Ажар, ауна, үкі, жаңбыр, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, жапалақ, бау... «Тізбек» дидактикалық ойыны Педагог балаларға суреттер көрсетеді, бірінші сурет қандай дыбыспен аяқталып тұрғанын анықтап, сол дыбыстан басталатын суретті қойып, тізбекті балалар жалғастырады. Мысалы: Ара, алма, автобус, сабын «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасындар. Мысалы: қам...шы, қама...жай,	басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсындар. Ойын шарты: педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды. Мысалы: Педагог: Гүлге қонды Менің кимім Бүгін күн Ағаштан жапырақтар Жұмыс дәптерімен жұмыс Балалар: ара. жаңа. жауды. түсті. 1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз, сөйлем неше сөзден тұратынын айт.	тәрбиелеу . Балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суреттерге аударады. – Бұл қандай салт-дәстүр? Тұсау кесу туралы не білесіңдер? – «Тұсау кесу» рәсімі бала аяғын қаз-қаз басқан кезде жасалады. Баланың келешегіне ақ жол тілеп, тез жүріп кетсін деген ниетпен тұсауын кеседі. Ол үшін баланың аяғына ала жіп байлап, беделді адамға кескізеді. Педагог ақын Оразақын Асқардың «Тұсау кесу» өлеңін мәнерлеп оқып береді, мазмұнын
--	--	---	--	--	--

		бал(жан), бал(шық). «Кім жылдам?» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге «А»дыбысы бар сөз айтып допты лақтырамын, сендер де «а» дыбысы бар сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: аққала, бала, банан, бантик, асқабақ, домбыра, қамшы, балмұздақ, аялдама.	кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады.		түсіндіреді Сөздік жұмысы: тәй-тәй – баланың аяғын апыл-тапыл басуы жүйрік – жылдам жүгіру Өлең мазмұны бойынша сұрақ- жауап: – Өлең не туралы? Өлеңнің қай сөзі есінде қалды?
«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу					

“Энергияны үнемді тұтыну” ертегісі Ертеде Жасыл ел деген бір мемлекетте өмір сүретін тұрғындар энергияны көп ысырап ететін. Жасыл елдің табиғаты әдемі, ауасы таза, ал үйлері жылы болатын. Бірақ тұрғындар электр жарығын, суды және жанармайды өте көп тұтынатын, сондықтан табиғат зардап шегіп, ресурстар азая бастады. Бір күні бұл елге Болашақ атты жас жігіт келді. Ол табиғатты қорғауды және ресурстарды үнемдеуді үйретуді мақсат етті. Болашақ атты бала барлық тұрғындарды жинап, оларға былай деді: "Құрметті Жасыл елдің тұрғындары! Егер біз энергияны үнемдеп, табиғатты қорғауды үйренбесек, болашақ ұрпаққа таза және әдемі әлем қалдыра алмаймыз. Енді біз энергияны қалай үнемдеуге болатынын үйренейік." Тұрғындар Болашақ атты баланың сөздерін тыңдап, энергияны үнемдеудің түрлі жолдарын іздей бастады. Жасыл ел тұрғындары үйлеріндегі жарықты қажетсіз уақытта өшіруді, су жылытқыштарын тиімді пайдалануды және көліктердің жанармайын үнемдеуді үйренді. Олар сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздерін – күн панельдері мен жел генераторларын қолдануды бастады. Жақын арада Жасыл елде табиғат қалпына келіп, ресурстардың шығыны азайды. Тұрғындар энергияны үнемдеудің маңыздылығын түсініп, бұл әдетті күнделікті өмірде қолданды. Болашақ атты баланың арқасында Жасыл елдің табиғатты сақталынып, таза және әдемі әлемде өмір сүретін болды. Бұл ертегі балаларға энергияны үнемдеудің және табиғатты қорғаудың маңыздылығын үйретеді.



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қоршаған әлеммен таныстыру Міндеті: .	Математика негіздері Геометриялық пішіндегі заттар Міндеті: Пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету Маңызды: ойын барысында әр фигураның ерекше қасиеттеріне назар аудару керек. «Фигуралар мен денелердің конструкторы» дидактикалық ойыны. Ойынға әртүрлі фигуралар мен денелердің конструкторы қажет:	Математика негіздері Тәулік бөліктері. Циферблат Міндеті -Циферблат, сағат тілдерімен таныстыру. Циферблат арқылы уақытты анықтауға үйрету «Сағат детективі» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды теру уақытын анықтауға және уақытқа байланысты сөздерді қолдануға үйрету. Ойыншылар саны: 2-ден 6-ға дейін. Ойын алаңы: боялған сағат. Ойын барысы: Бір ойыншы белгілі бір уақытты таңдайды, бірақ оны дауыстап айтпайды, ал қалғандары уақытты болжау үшін сұрақтар қояды. Мысалы: «Бұл түскі астан кейінгі уақыт па?» немесе «Бұл балалар мектепке баратын уақыт па?» Уақытты дұрыс	Математика негіздері Циферблат бойынша уақытты анықтау Міндеті: -Тәулік бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту «Ойыншық циферблаты» дидактикалық ойыны. Мақсаты: күннің уақыты мен бөліктері туралы білімді бекіту. Ойыншылар саны: 2-ден 4-ке дейін. Ойын алаңы: сағаттың үлестірмелі материалдағы суреті (№31 парақ). Ойын барысы: әр ойыншы өз ойыншығын таңдап, белгілі бір уақытқа сағаттың бүйіріне ойыншық қояды. Ойыншылар кезек-	Қоршаған әлеммен таныстыру Ұлттық ойындар Міндеті: - Балаларды қазақтың ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның адам денсаулығын жақсартта түсуде пайдасы зор екені белгілі. Ұлттық ойындардың ерекшеліктері қандай? Ер Төстік (қуанып кетеді): – Мен санамақ білемін! 75 Он қолымда бес саусақ, Барлығы болды он саусақ. Сол қолымда бес
--	---	---	--	--	---

		дөңгелектер, сопақшалар, үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, текшелер, шарлар мен цилиндрлер. – Барлық пішіндер мен денелерді үстелге қой. Тапсырма қандай да бір құрылымды салу, мысалы, үй. Бала пішіні мен өлшемін ескере отырып, үй салу үшін әртүрлі пішіндер мен денелерді пайдаланады. Бала құрылысты аяқтаған соң, ол өзінің құрылысын көрсетіп, оны жасау үшін қандай фигуралар мен денелерді қолданғанын түсіндіріп айтады. Балаға әртүрлі	болжаған ойыншылар қосымша мүмкіндік алады. Уақытты дәл болжаған ойыншы келесі сағат детективі болады. «Сағат жарысы» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды уақытты анықтауға және уақытқа байланысты сөздерді қолдануға үйрету. Ойыншылар саны: 2-ден 4-ға дейін. Ойын алаңы: қағаз бетіндегі сағаттың жүретін жолы. Ойын барысы: ойыншылар мәшинелерді таңдап, оларды бастапқы сызыққа қояды. Әр ойыншы текшені лақтырады және өз мәшинесін текшеде қанша ұяшық болса сонша ұяшыққа жылжытады. Мәшинелер тоқтаған кезде ойыншылар сағаттың жолындағы уақытты анықтауы керек. Мысалы: «Бұл	кезек қандай ойыншық тәуліктің қай сағатында екенін болжау үшін сұрақтар қояды. Мысалы: «Алты, үш сағатта қандай ойыншық бар?» немесе «Таңертенде қандай ойыншық тұр?». Ең көп позицияны болжаған ойыншы жеңімпаз болады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Тәулік бөліктерін және сағаттағы уақытты ата. Сызып қос. Сурет бойынша бұл қашан болатынын айт. «Шар» саусақтарға арналған жаттығу. (Алдымен саусақтарды айқастырып ұстаймыз. Оларды баяу аша бастаймыз.) Шарды шапшаң үрлейміз. (Екі қолдың саусақтарының ұштары бір-біріне дөңгелене түйіседі – шар үрлейді.) Үлкен шарды көреміз. (Екі алақанды бір-біріне толық беттестіреміз.)	саусақ. Барлығыда әп-әйбат, Екеуін қосып санап ем, Бейне бір он бауырсақ. – Жарайсың, Ер Төстік! Біздің балалар да біледі (балалар санамақ айтып жарысады). 2-слайд. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп. Слайдтан асық, арқан, жылқы, тақия, теңге суреттері шығады. Балалар суреттердегі заттарға қарап, қандай ұлттық ойындарға қатысы барын табады. «Асық ату», «Арқан тартыс», «Бәйге», «Тақия тастамақ», «Теңге алу» Балалар
--	--	---	---	---	--

		фигуралар мен денелерді қолдана отырып, өз дизайнын жасау ұсынылады.	түстен кейінгі уақыт па?» немесе «Бұл балалар сабаққа баратын уақыт па?» Уақытты дұрыс анықтаған ойыншы текшені қосымша лақтыруға мүмкіндік алады. Мәре сызығына бірінші болып жеткен бала жеңімпаз болады.	Шар кенеттен жарылды – ауа шықты – (Саусақтарды бір-біріне жабыстырып ұстаймыз.) 138 Торсық шарым жіңішкеріп – арық шықты. Педагог балаларды келесі жаттығуларды орындауға шақырады. Балалар саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды.	ойын мазмұнын естеріне түсіреді. Ер Төстік қойындәптерін алып, ойындарды жазып отырады. – Ойын ойнағым келіп тұр, – Ер Төстік. – Ойын түрлері өте көп болғандықтан, қандай ойын ойнайтынымызды мына текшенің саны арқылы табайық. Ер Төстік текшені тастайды. 3-слайд. «Қарамырза» ойыны слайдтан шығады, ойын шарты түсіндіріледі (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 4-слайд. Әтештің шақырған дауысы естіледі. Ойын: «Жауынгер әтештер» (QR-код
--	--	---	--	--	---

					арқылы қосымшаны жүктеу). Жеңілгендер айыппұл ретінде тақпақ не жаңылтпаш айтады. Ер Төстік бірге ойнайды. Ер Төстік балаларға риза болып, қоштасып, шығып кетеді. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 1. Суретте нешінші «Қарамырза» жоқ? Тиісті цифрды қорша. Ер Төстікке барлық «Қарамырзамен» қалай амандасу керектігін үйрет. «Ассаламағалейкүм, бірінші Қарамырза!» деп баста.
--	--	--	--	--	---

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Балбырауын» күйі
 Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Міндеті:	Қазақ тілі Дене мүшелерінің атқаратын қызметі Міндеті - -Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- н тұ-ұ-ұ-ра-мын.	Сөйлеуді дамыту «Күшік пен мысық» Ертегіс Міндеті: - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін	Көркем әдебиет Көктем Міндеті: - Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу Бүршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады. – Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? – Көктемде қандай мерекелер тойланады?	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Сәукелені әшекейлейміз Міндеті: -Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу, - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік
--	-----------------------------------	--	---	---	--

		Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды тарай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты-ғу жасай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын:	тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.	Педагог жұмбақ жасырады: Күн күледі, жер түлейді. (Көктем) – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: мөлдір – тұнық, таза жаңбыр төгілді – жаңбыр жауды Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең авторы кім? Көктемде неге барлығы көңілді болады? – Көктемде қандай жаңбыр жауады? Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Көктем сөзіне сөйлем құра.	-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру - Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру Топтық жұмыстар
--	--	---	---	--	---

		«Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын).			
--	--	---	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»

Мақсаты: балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.

Тәрбиеші балаларға тек жақын адамдарға ғана (мысалы, ата-әжесі, анасы, әкесі, көрші) есікті ашуға болатынын түсіндіреді. Есікті ашпас бұрын, тіпті есіктің артында таныс адам болса да, әрқашан ата- анаңыздан рұқсат сұрау маңызды. Кімдерге есікті ашуға болмайды: Балаларға таныстарыңнан келдім десе де, бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайтынын түсіндіру. Егер бейтаныс адам есікті қақса, бұл туралы үлкендерге хабарлау керек және ешбір жағдайда есікті ашпауды түсіндіру. «Кімге есік ашуға болады» ойыны Тәрбиеші

Пайдалы сілтемелер:

<https://youtu.be/5sLJO6RBTE0?si=WF002pUrFSXM3Psc> <https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>



суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Балалар не істеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға есік ашпау керек»).		
---	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене тәрбиесі Міндеті: .	Музыка Көктем әндері Міндеті - - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық	Дене тәрбиесі Менің көңілді добым Міндеті: --Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың	Дене тәрбиесі Менің көңілді добым Міндеті: - -Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен	Музыка Көктем әндері Міндеті: - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық
--	--	---	--	--	---

		кимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.э. (өндеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өндеген Б. Дәлденбай)	сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады	итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.	кимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.э. (өндеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өндеген Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен		Сәуір Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Тастарды бақылау Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне	Сәуір Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның,	Сәуір Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел)	Сәуір Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Сутоғанды бақылау Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен

		эртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар эртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Жеке жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі эртүрлі тастарды тауып, жинау.	Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ◆Бұлт дегеніміз не? ◆Бұлттардың түсі қандай болады? ◆Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.) ◆ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ◆Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Жеке жұмыс Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе	Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ◆ Желдің қандай түрлері болады? ◆ Жел неге соғады? Атмосферада ауа эртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. Жеке жұмыс ◆Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ◆Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба)	қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Жеке жұмыс сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген
--	--	---	--	---	--

		Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген күлшыныстарын, жеңіске деген күштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	аланды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	ынталарын тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша
Серуенне н оралу	Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
Балаларм ен жеке жұмыс	.	Жеке баламен жұмыс: Өзденбай Балым Мақсаты:сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Ыдырысбек Кенесары Мақсаты: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Ілесбек Шахмұхаммед Мақсаты: Балалармен қарым -қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Болғанбек Інжу Мақсаты: Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелесу, дербес және басқалары)		Артикуляциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!  «Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.	Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған. Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. 	Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. Ұсыныс: Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады 	Ойын: « Көбелектер бақалар» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. 
--	--	---	--	--	--

The diagram illustrates the structure of the 'Cyberbullying Prevention' program, which consists of 15 sessions. Sessions 1-3 are for parents, and sessions 4-15 are for children. Each session has a specific theme related to cyberbullying prevention.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Айсары жалпы білім беретін мектебі» КММ

Сынып: мектепалды сынып

Балалардың жасы 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 07-11 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.04	Сейсенбі 08.04	Сәрсенбі 09.04	Бейсенбі 10.04	Жұма 11.04
	«Біртұтас тәрбие» « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»				
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» «Сақинаны лақтыр» Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын:“Күн мен түн” Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты:“Күн” мен “Түн” деген	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу.

үсті-баспа және басқа ойындар, бейн елеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. 	мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.	екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді. Ереже: 1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді. 	балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санам ақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда	Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.
--	--	---	--	---	---

				оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.	
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Менің Қазақстаным ҚР гимні «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.	«Табиғатқа қамқор боп» Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық, Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.	«Табиғат...» Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!	«Дала қандай тамаша» Дала қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастарқан жайғандай, Көз тоймайды қараса.
Кестеге сәйкес ҰІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу	Сауат ашу негіздері	Сауат ашу негіздері	Көркем әдебиет

	«Күшік пен мысық» Ертегісі Міндеті: - - Бaqылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық. Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма? Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? Мысықтың дауысын кім салып береді? Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады?	негіздері Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау Міндеті: - Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.. Дидактикалық ойын: «Суреттерді топтастыр» (Педагог суреттерді көрсетеді). Мақсаты: Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету. Әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер, әр дыбысқа бірнеше сурет.	Буындардың орнын анықта Міндеті:- - Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру Айсұлу саймандарға не жататынын білмей сендерге көмекке келіпті. Сендерден саймандар туралы айтып берулеріңді сұрап отыр. – Кәне, кім көмектеседі? – Саймандар дегеніміз қандай заттардың жалпылама аты екен? – Дұрыс айтасыңдар балға, балта, ара, тырма, күрек, шеге осының бәрі ер адамдар қолданатын құрал-саймандар екен. – Саймандардың аттарын буынға бөліп айтайықшы. – Мысалы, «балға» сөзі – Бірінші буын – -бал – Екінші буыны – -ға. – Дұрыс, екі буыннан тұрады. – Себебі екі дауысты дыбыс бар. Балалар	Суреттердегі заттарды атау Міндеті:- Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту «Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету. Шарты: Сиқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап соңғы дыбыстан келесі сурет басталатындай етіп жұлдызды құртты жалғап байлау немесе	Мен ғарышкер боламын Міндеті: - Ғарыш туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу. Ойын жағдаяты Педагог жұмыс жасау үшін жағымды ахуал туғызады. Көздерін жұмып, ғажайып аспан әлеміне саяхаттап қайтуға шақырады. – Балалар, көзімізді жұмып, қолымызды жайып, көз алдымызға ғарыш әлемін елестетеміз. Ғарышкемемен аспан әлемінде, ғарышта ұшып жүрсің. Жарқыраған сан алуан жұлдыздар... Сенің үстінде
--	---	--	--	--	--

	Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды. Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар? Күшіктің анасын қалай атаймыз? «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз? Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы. «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен Мысық»	Педагог балалардан суреттерді бірінші дыбысына байланысты топтастыруларын сұрайды. «С» сабын, сүлгі, сурет, сиыр, сарымсақ; «П» пальто, піл, парта, пима т.б. – Балалар, суреттерді қанша топқа бөлдіңдер, олар қандай дыбыстан басталып тұр? Балалардың жауаптары тыңдалады. «Жасырынған сөз» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға сөздің өзін айтпай сол сөз туралы айтады, балалар қандай сөз	балта, тырма, күрек, шеге, айыр, егеу, ара сөздерін буынға бөліп айтып береді. – Балалар, өте жақсы буынға бөлдіңдер, дауысты дыбыс жеке өзі қай сөзде буын құрап тұр. – Е-геу, а-ра сөздерінде дауысты «а», «е» дыбыстары жеке тұрып буын болып тұр. Балаларға сөздерді буынға бөлгізіп қайталату. «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Буынның жалғасын тапқан бала жалаушасын көтереді де, буынды жалғайды. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге	құрастыру. «Кім жақсы тыңдайды?» дидактикалық ойыны Екі бала тақтаға шығарылады қолдарына жалауша беріледі, екеуінің есімі қандай дыбыстан басталса балалар сол дыбыстары кездесетін сөздер айтады, өз есімі басталатын дыбысы бар сөз естіген бала жалаушасын көтереді. Мысалы: Балалардың есімдері Ерлан, Сымбат. Ер, керует, сыпырғы, қасық, Ер Төстік, текемет, асаба, сабын, сыбызғы, сырқат, кесе, серуен, есек, етікші т.б. – Жарайсыңдар, балалар! – Сендердің есімдерің дауысты дыбыстан бастала ма, дауыссыз дыбыстан басталып тұр ма?	скафандр, қалықтап, ұшып жүрсің. (Балалар ғарышкеме мен аспан әлемі туралы ойлайды, көздерін ашады). – Ғарышкер не істейді? (Ғарышкер зымыранмен ғарышқа ұшады. Олар аспан әлемін, жұлдыздарды зерттейді) – Кімнің ғарышкер болғысы келеді? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? (Қазақ елінен ғарышқа Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ұшты) Педагог слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, таныстырады. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер
--	--	--	--	---	---

		туралы айтылып жатқанын табады. Мысалы: Ол келгенде адамдар жеңіл киінеді, жапырақтар жап-жасыл болады, адамдар суға түседі, балалар көбелек қуып ойнайды. (жаз) Ол ыстық жақты мекен етеді, сусыз ұзақ уақыт жүре алады, сүтінен шұбат, қымыран жасалады, оның екі өркеші бар. (түйе) Оның жүні жазда сұр түске, қыста ақ түске ауысады, өзі қорқақ, құлағы ұзын аң (қоян)	болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Мысалы: Айна, ар-ба, қақ-пақ, автобус, так-си, сөм-ке, те-ре-зе, ком-байн, құймақ, қы-за нақ, құл-пы, кү-рек, кү-шік, қоржын. Ойын ойынға жақсы қатысқан балалар ойын соңында, жеңімпаз бала анықталып, мадақталады.		боламын» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: ғарыш – аспан әлемі ғарышкер – аспан әлемін зерттеуші ғарышкеме – Жер мен ғарыш арасында ұшатын көлік Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлеңде не туралы айтылған? Авторы кім? Бала нені армандайды? – Ғарышкер қандай болуы керек? (Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыл) – Ғарышкер сөзіне сөйлем құра. Тіл ұстарту жаттығуы:
--	--	---	---	--	---

					Ер-ер-ер – Тоқтар аға ғарышкер.
«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу					
Үнемдеу маңыздылығы: Су-тіршілік көзі. Егер суды дұрыс пайдаланбасақ, таза су қоры азаяды және көптеген елдерде су тапшылығы пайда болады. Жадынама: 1. Кір немесе ыдыс жуғыш машинаны тек толық толғанда ғана қосыңыз. 2. Душ қабылдағанда уақытты қысқарту. 3. Кранды жуу кезінде және басқа жұмыстарда ашық қалдырмаңыз. 4. Суды қайта қолданыңыз - мысалы өсімдіктерді суғаруға немесе тазалауға қолданыңыз. 5. Жуынатын бөлмеде ағып тұрған кранды дер кезінде жөндеңіз.  QR СКАНЕРЛЕУ	СУДЫ ҮНЕМДЕУ 		Нұсқаулықтар: 1. Тіс тазалау кезінде суды өшіріңіз: Тіс тазалау кезінде суды ағыза бермеңіз, тек қажет кезде қосыңыз. 2. Кранды қысқа уақытқа ашып, суды дұрыс пайдаланыңыз. 3. Душ қабылдау уақытының қысқарту үшін таймер пайдаланыңыз. 4. Автоматтандырылған суару жүйелерін қолдану арқылы суды бақылаңыз. 5. Жеміс-көкөністі жуу кезінде ағынды су орнына ыдысты пайдаланыңыз. 		
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					

	Қоршаған әлеммен таныстыру Бөлме өсімдіктері және оларды күту Міндеті: - Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы) . Педагог балалармен өсімдіктер туралы, олардың пайдасы, түрлері мен өсетін орталары жайлы әңгімелеседі. Саққұлақтың сұрақтарына жауап береді. – Олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? – Өйткені олар бөлмеде өсіріледі. – Балалар, мына гүлдер қалай аталады? –	Математика негіздері Апта күндері Міндеті: -Апта күндері, тәулік ауысу реттілігі: кеше, бүгін, ертең, оқиғалардың реті («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») Үлестірмелі материалмен жұмыс (№19 парақ). Педагог саусағынан сол жақта тұрған кішкентай үйді көрсетуді сұрайды. Онда тұратын аптаның күнін Дүйсенбі деп атайды. Балалар «Дүйсенбі» деп дауыстап қайталайды. Содан кейін ол «Сейсенбі» деп	Математика негіздері Уақыт. Апта күндері Міндеті: -Циферблатта уақытты және оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау Үлестірмелі материалдармен жұмыс. (№19 парақ). Педагог саусағынан сол жақта тұрған кішкентай үйді көрсетуді сұрайды. Онда тұратын аптаның күнін Дүйсенбі деп атайды. Балалар «Дүйсенбі» деп дауыстап қайталайды. Содан кейін ол «сейсенбі» деп атайды және оның үйін көрсетуді сұрайды және т.б. Үлестірмелі материалдағы үйлерді алдын ала кесіп әзірленеді. Әрі қарай, педагог 1 санына көрсеткі белгісін көрсетіп, «Дүйсенбі» үйін қоюды сұрайды	Математика негіздері Жыл мезгілдері. Жыл айлары Міндеті: -Жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау Үлестірмелі материалмен жұмыс, (№25 парақ). Педагог жыл мезгілдерін, әр жыл мезгілінің белгілерін атауды сұрайды. Әр жыл мезгілінде айлар бар. Әр жыл мезгілінде 3 айдан бар. Әр айдың атауы бар Үлестірмелі материалмен жұмыс (№26, №27 парақтар). Алдымен жыл мезгілдерінің өзгеру ретін қояды. Балалармен бірге үстелге немесе тақтаға	Қоршаған әлеммен таныстыру Төрт түлік Міндеті: - Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды жалғастыру. Интербелсенді тақтадан ауыл, қорадағы мал, ата бейнесі шығады. Бейнебаяндағы ата: –Ауылға хош келдіңдер. Мен сендерге төрт түлік мал туралы айтып берейін. Қазақ халқының өмірі төрт түлік малмен тығыз байланысты болған. Себебі төрт түлік мал – қазақ халқының тұрмысының
--	---	---	---	---	--

	Фигура, қазтабан, шегіргүл, қоянқұлақ, бальзамин, колеус. – Осы өсімдіктердің барлығына не ортақ? – Сабақтары, жапырақтары, гүлі, тамыры. Педагог балаларды гүлдер тұрған үстелге шақырып, көріп, салыстыруды, айымашылықтар ы мен ұқсастықтарын табуды ұсынады. Балалар жапырақтар пішініне қарап, діңін, өсімдіктің ұзындығын, гүлдердің түстерін атап, ажыратады. Интербелсенді тақтадан слайдтар көрсетіледі. – Бөлме өсімдіктері	атайды және оның үйін көрсетуді сұрайды және т.б. Үлестірмелі материалдан үйлерді алдын ала қиып алып әзірленеді. Әрі қарай, педагог 1 санына көрсеткі белгісін көрсетіп, «Дүйсенбі» үйін қоюды сұрайды және т.б. Педагог өлең оқиды немесе апта күндерінің атаулары бар әндерді тандайды. Апта күндері Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп, Бейсенбіде биледік әндетіп, 139 Жұма күні жидек тердік	және т.б. «Аптаның жеті күні» өлеңі оқылады. Өлең педагогтің өз шығармашылығына қарай таңдалады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Аптаның әр күні балалар немен айналысқанын айт. Сағаттағы уақытты ата. Әр суретте балалардың не көретінін кезекпен айтуды сұрайды. Жеке көмектеседі. Осыдан кейін балалар суреттер бойынша әңгімелер құрастырады.	орналастырады. Содан кейін карточкалар кесіледі, балалар суреттерге сәйкес Жыл мезгілдерін мен айын анықтайды. «Күнтізбе құр» дидактикалық ойыны. Бұл ойында балалар қағазға күнтізбе жасап, суреттермен айлардың аттарын (балалар оқи алмайтындықтан) дұрыс ретпен орналастырады. Содан кейін олар күнтізбе жасау үшін әр айға мерекелер мен оқиғаларды қосады. Бұл ойын балаларға айлардың ретін және олардың санын есте сақтауға көмектеседі, сонымен қатар айлардың реті қандай екенін түсінуге көмектеседі.	негізгі саласы. Төрт түлік мал сойса – ет, сауса – сүт, мінсе – көлік, кесе – киім болды. Тұрмысқа керекті заттар алаша, кілем, сырмақ, саба, торсық тағы басқалар малдың өнімінен жасалады. Сондықтан төрт түлік малды қазақ халқы қадір тұтып, өлең жырларына, мақал-мәтелдерге, тыйым сөздерге қосқан. Малдың төрт түрі: түйе, сиыр, жылқы және қой-ешкі төрт түлік деп аталған. Түліктің белгісі: Түйе – БАЙЛЫҚ Қой – МЫРЗАЛЫҚ, Түлік иелері: Жылқы иесі Сиыр иесі – «ҚАМБАРАТА» – «ЗЕҢГІБАБА» 78
--	--	---	---	---	--

	өте пайдалы. Бөлме өсімдіктерінің ішінде жарықты сүйетіні де, көлеңкеге төзімдісі де, өзіне жарықтың шашырап түскенін қалайтыны да бар. Ойын: «Ересектерге арналған жұмбақтар» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, бөлме өсімдіктерін өсірудегі қойылатын басты талаптар атаңдар:.. – 1. Оларды іріктеп алу; 2. Өсіру; 3. Баптап күту. 4. Жарық, жылу, ылғалдылық. 5. Ыңғайлы ыдыс. 6. Өсетін жайлы орын.	ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық, демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.			Ешкі – ЖЕҢІЛДІК, Жылқы – СӘНДІК, Сиыр – АҚТЫҚ. Ата сұрақтар қояды. Түйе иесі Қой иесі – «ОЙСЫЛҚАРА» – «ШОПАНАТА» Ешкі иесі – «СЕКСЕКАТА» – Неге бұларды үй жануарлары деп атаған, олар үйде, адамдармен бірге тұра ма? – Адамдар оларды үйде бағып, өсіргендіктен үй жануарлары деп аталады, олар арнайы малқорада тұрады. – Мал бағатын адамды қалай атайды? – Сиыршы, түйеші, қойшы, жылқышы. – Барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? – Малшы. «Үй жануарлары қалай пайда болды?»
--	---	---	--	--	---

	Интербелсенді тақтадан өсімдікті күту алгоритмы слайдтары көрсетіледі: топырақты қопсыту; су құю; су бүрку; жапырақтарды сүрту. – Енді мен өсімдіктерге күтім жасауды ұсынамын. Балалар, бізге жұмыс істеу үшін не қажет? – Суаруға арналған ыдыстар, бүріккіш бөтелкелер, майлықтар, щеткалар, суаруға арналған шелектегі су, қопсытқыш ағаш таяқшалар, күрекшелер, кішкентай тырмалар, алжапқыштар, жеңдер,				фильмі көрсетіледі. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылығы неде? (Балалардың жауаптары).
--	--	--	--	--	---

	басымызға киетін қалпақтар. Балалар алжапқыш, жеңдер киіп, бастарына арнайы қалпақтар киеді, жұмыс мазмұнында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, балалар өзара әңгімелесіп, педагогпен бірлесіп еңбектенеді. — Өсімдіктерге күтім жасау керек. Өсімдіктер барлық мүшелерімен тыныс алады: жапырақтары, сабақ, тамыр. Жапырақтардағы шаң өсімдіктің тыныс алуына жол бермейді, сондықтан үлкен тығыз жапырақтар				
--	---	--	--	--	--

	шаңнан дымқыл шүберекпен тазартылады.				
--	---	--	--	--	--

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Келіншек» күйі
Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,

		
--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі Ұлттық ыдыстар Міндеті: -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі:	Қазақ тілі Таңертең не істейміз? Міндеті: - - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада	Сөйлеуді дамыту «Күшік пен мысық» Ертегісі Міндеті: --Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану «Күшік пен Мысық» Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі. Ей, күшік, мен сені	Көркем әдебиет Төлдер айтысы Міндеті: - Төлдер туралы түсінігін кеңейту. Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу Бүгін «Төлдердің айтысы» ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Ұлу Міндеті: - Балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік -Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше
---	--	---	---	---

	– Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды	не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау –	жеймін, – дейді Қасқыр. Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік. Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді. Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр. Қасқыр: Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. Мысық, мен сені жеймін, – дейді. Мені тойдыр, күшік. Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. Мысық, маған	(соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: иесі – үй жануарларының қожасы төрт түлік – қой, сиыр, жылқы, түйені ортақ атаумен төрт түлік деп айтады Сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Төлдер не үшін айтысты? Лақ қалай мақтанды? – Бұзау, құлын не деп жауап айтты? Қозы мен ботақан не деді? – Иесі төлдерге не деп басу айтты? Әңгіме қалай аяқталды? Балалармен бірге қайталап оқу. «Төлдерім, сендер босқа таласпаңдар, әрқайсысыңның өз орындарың бар, адам үшін бәрің де керексіндер!» – деді иесі. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады. Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» (баланың ойлау	пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию -. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу Топтық жұмыстар
--	---	---	---	--	--

		жұмыртқа. Жұмырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.	қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді. Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды. Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.	қабілетін дамыту) Шарты: педагог енесін атайды, балалар төлін табады немесе керісінше, төлі айтылады, енесін табу керек.	
--	--	---	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ»

Мақсаты: балаларды көшеде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және бейтаныс адамдардан неге кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе тәттілерді алмау керектігін түсіндіру. .

ығармашылық,эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелесу,дербес және басқалары)	болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз . 	түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.  	қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады. Ойынның ережесі. 1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. Әдістемелік нұсқаулар. Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. 	Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі . 	1 нұсқа: педгог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сал жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. 2 нұсқа: педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды. 
--	---	--	---	---	--

Балалард ың үйге қайтуы

Өнегелі 15 минут



Өнегелі 15
минут



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ
АЛҒАШҚЫ КҮМӘНДАР ПАЙДА БОЛҒАН
КЕЗДЕ, ӨЗ АЛАҒАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ
АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҢЫЗДЫ ӨЗ
ҚАУІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ
ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУЕ ШАҚЫРЫҢЫЗ



Өнегелі 15 минут

ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН
АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ



Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – балаңызды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешім табуына қолдау көрсетіңіз



Өнегелі 15 минут



Өнегелі 15 минут



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Айсары жалпы білім беретін мектебі» КММ

Сынып: мектепалды сынып

Балалардың жасы 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі 21-25 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.04	Сейсенбі 22.04	Сәрсенбі 23.04	Бейсенбі 24.04	Жұма 25.04
	«Біртұтас тәрбие» « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»				
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Әдебиет орталығы» «Тату доспыз бәріміз» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс. Мақсаты: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» «Өрқашан күн сөнбесін!» Мақсаты: конструктормен, есеп теу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Достық» Мақсаты: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейн елеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Сақина жасыру Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»- деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу соқ Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Арқан түйю. Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргізуші топ арасынан шығады да: -ойын бастайды – деп дауыстайды. Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді. Ойын осылай жалғаса береді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Теңге ілу. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады. сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнееді. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Күн мен түн Бұл ойын алаңда ойналады. Алан ортасына көлденең сызық сызылады да, оған қарам-қарсы екі жағынан әрбір бір метр сайын тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне “күн”, екіншісіне “түн” деп ат қойылады. Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен; ойын жүргізуші “күн” деп дауыстаса, “түн” тобындағы ойыншыларды мәре сызығына

	ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді			барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі.Қай топ көп ұпай жинаса,сол топ жеңеді	дейін қуып барады. Ойынның мақсаты қарсыластар тобынан көп адам ұстау
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Менің Қазақстаным ҚР гимні Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын	«Достық үйін құрамыз» Дөнгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Мен ғарышкер боламын Міндеті: - - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу —Ай мен жұлдыздар әлемін	Сауат ашу негіздері Сөздегі дыбыстың орны Міндеті- Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. .	Сауат ашу негіздері Буынның орнын анықтау Міндеті:- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерді	Сауат ашу негіздері Сөздерді дыбыс пен буын Міндеті:- - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны	Көркем әдебиет Киіз үй Міндеті: - Киіз үй туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Халқымыздың салт-дәстүрін

ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін	«Даусынан таны». Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылады. Балалар шеңберге тұрады, педагог бір баланы санамақ айту арқылы ортаға шығарады, орамалмен көзін байлайды. Балалар шеңбермен айналып, мына сөздерді айтады: «Сен 157 жұмбақты шешіп ал, кім сенің есіміңді атады, тезірек соны біліп айт». Содан кейін балалардың біреуі педагогтің нұсқауымен ортадағы баланың есімін атайды. Дұрыс тапса, сол	ата. Буынға бөліп, -ба буынының орнын анықта. Бұл буын қай сөзде бірінші тұр? 2. Сурет бойынша сұрақ қой. Сөйлем құрап, оның сызбасын сыз. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 3. Үзік сызықтарды бастыр, суретті жалғастырып сал. Боя. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?	Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Өтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.). Тіл ұстарту Ақ-ақ-ақ, Аң-аң-аң, Тастан-тасқа секірді лақ. Аңның ізіне болдым таң. Ма-ма-ма, Рақ-рақ-рақ, Лақты қораға қама. Керек маған тарақ. Уық-уық-уық, Қорада тұр тауық. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Заттардың атында [о] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті,	құрметтеуге тәрбиелеу . Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін слайдтан көрсету. – Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Киіз үйді неден жасайды? Киіз үй – қазақ халқының ежелгі баспанасы, ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Ол тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, киіз үй деп атаған. – Бүгін біз
---	---	--	--	--

	барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақов) –Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады	баламен орын ауысады. «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: жыл-қы, көй-лек, шал-бар, та-қи-я, ба-лет, ба-қа т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Заттардың атын буынға бөл. [Ж] дыбысы бар сөздерді белгіле. 2. Сөздегі [з] дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса		ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті қызыл қарындашпен боя.	ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: айбынды – мықты, батыл шалғынды – шөбі мол жер 92 Өлең мазмұны бойынша сұрақ- жауап: – Өлеңнің авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Неге ұқсайды? Дидактикалық ойын: «Сандық» (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: сандық ішінде түрлі түске боялған
--	---	---	--	--	--

		– екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя.			асықтар бар. Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешуін тапқызады. Сары асық алған бала мақал-мәтел айтады. Балалармен бірге қайталайды. Қызыл асық алған бала тақпақ айтады. Көк асық алған бала өлең айтады
--	--	---	--	--	--

«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

Үнемдеу маңыздылығы: Тамақ қалдықтары - табиғи ресурстарды ысырап етудің үлкен мәселесі. Тамақты дұрыс жоспарлап, оны үнемдеуді үйренсек, табиғатты қорғай аламыз. Жадынама: 1. Тамақты жоспарлы түрде сатып алыңыз, тек қажет заттарды алыңыз. 2. Тамақ қалдықтарын тастамаңыз - оларды қайта пайдалануға тырысыңыз. 3. Тек жейтін көлемде тамақ пісіріңіз,

ТАМАҚТЫ ҮНЕМДЕУ



артық жасаудан аулақ болыңыз. 4.Тамақты сақтау мерзімін дұрыс бақылап, артық өнімдерді уақытында қолданыңыз.					
2 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Қоршаған әлеммен таныстыру Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері Міндеті: - Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Онда менің сендерге бірнеше тапсырмам бар, соларды дұрыс орындасандар, қорған тұрғызбауым мүмкін. Малифисентаның 1-тапсырмасы: «Бұлақ көрсең, көзін аш». Менің сылдырлаған	Математика негіздері Заттар тобы. Заттарды санау Міндеті: - Заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Киіз үйдің жанында қанша қызғалдақ пен сарғалдақ өссе, жақтаудағы сонша қызғалдақ пен сарғалдақты боя. Қызыл және сары қызғалдақтарды	Математика негіздері Заттар тобы. Заттарды санау Міндеті: Заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қашада 5 құлын бар. Қашаға тағы 2 құлын «кіргіз». Қанша құлын болды? Дөңгелектер сал. Педагог суретті қарастыруды, құлындарды санауды ұсынады. Тіктөртбұрыштың ішіне балалар жағдайды дөңгелектеп салады. Саусақ гимнастикасы, «Үй	Математика негіздері Заттар тобы. Заттарды санау Міндеті: Заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру жұптастырады. Қорытынды шығарады: көп, аз, бірдей (тең). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қашада 9 қозы бар. Олардың үшеуін «шығар». Қашада неше қозы қалды? Дөңгелектер сал. Балалар жағдайды дөңгелектердің көмегімен модельдейді. Олар алдымен 3 дөңгелек салады (қозылар тобын тұтас	Қоршаған әлеммен таныстыру Тамшының саяхаты Міндеті: - Табиғат құбылысы – жаңбыр, жаңбырдың түзілуі жайлы мәлімет беру «Тамшының саяхаты» ертегісін оқиды: «Әлемде бір тамшы су өмір сүріпті. Ол аппақ бұлтта, өз құрбыларымен әңгімелесіп отыр еді, кенеттен найзағай жарқ етіп, күн

	бұлағыма балалар қоқыс шашып тастап кетіпті. Бұлақ көзі бітеліп қалды, соны тазалап, қоқыстарды сорттап, өз себеттеріне жинаңдар. Балалар қоқыстарды сорттап, қағаз қалдықтарын қағаз белгісі бар қорапқа, табиғи заттар – жапырақ, шырша бүрі, емен жаңғақтарын, бұталарды жапырақ суреті бар қорапқа, пластик заттарды шөлмек суреті бар қорапқа жинайды. Педагог балаларға орман перизаты беріп жіберген жұлдызшаларды таратады. Малифисентаның	бір гүлшоқ етіп жина. Барлығы қанша болды? Нүктелермен көрсет. Цифрды қоршап сыз. Балалар алдымен әртүрлі қызғалдақтарды санайды, содан кейін олардың барлығын бірге санайды. Барлық қызғалдақ саны қанша болса, тіктөртбұрышқа сонша нүкте салады. Санды қоршап сызады. 2-тапсырма. Сана, тиісті цифрмен сызып қос. Педагог балалардан тапсырманы түсініктеме арқылы жасауын сұрайды, мысалы: 4 қызғалдақ және 2 қызғалдақ – барлығы – 6. Сергіту сәті.	жануарлары». (Алдымен бір қолдың саусақтарын, содан кейін екінші қолдың саусақтарын, үлкендерінен бастап кезекпен көрсетіңдер.) Сиыр бұзаулармен бақытты, Қой қошақанмен бақытты, Мысық марғаулармен бақытты, Ешкі лақтарымен бақытты. Ал мен балалармен бақыттымын! 2-тапсырма. Құлынның жолын жалғастыр. Ұяшықтардың жолының қиылыс сызығында анықтамалық нүкте берілген, тапсырма торкөз ұяшықтарда орындалады. Нүкте-ұяшықтан басталмайды, ұяшықтар жолының қиылысында орналасады. Ұяшықтың дұрыс бағытын сана.	жиынтықтан ажыратады), содан кейін қалғаны – 6. «Үй құстары» сергіту сәті. Педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. (Басбармағы мен кішкентай саусағынан бастап қалғандарына кезек-кезек тигізеді.) Әр ананың балалары әдемі, жақсы! (Саусақтарды ойнау арқылы көрсетеді.) 2-тапсырма. Фигураларды жаңа орындарға ауыстыр. Фигура ұяшықта орналасқан, ұяшықтың дұрыс бағытын сана, балалар шатаспау үшін нүктелер қояды. 3-тапсырма. Дөңгелектерді екі қорапқа әртүрлі етіп орналастыр. Суретін сал. Балалар әртүрлі нұсқаларды іздейді және дөңгелектерді екі қорапқа бөліп салады. Педагог	күркіреді. Тамшы қатты қорқып қалды, өз құрбыларымен бірге бұлттан секіріп кетті. Жерге түсіп, олар шалшық суға айналды, құрбыларымен шалшық суда ойнай бастады. Біраздан кейін, барлығы сыңғырлап күліп, аға жөнелді, тамшыға бұл қатты ұнады, олар 84 үлкен суға келіп қосылды. Бірақ күн суытып, су қатып қалды, мұзға айналды. Тамшының басқа құрбылары аппақ киімін киіп алып, ақшақар болып жерге айналып, қалықтап ұша бастады. Тамшының іші
--	---	---	--	---	--

	2-тапсырмасы: «Орман адамға не береді?» Саңырауқұлақтар, жидектер, жаңғақтар, дәрілік шөптер-лалагүлі, итмұрын, шетен ағашы, қайың ағашы суреттері бөліктерін құрастырады.	«Цифрлармен секір». Еденге 1-ден 10-ға дейін үлкен цифрлары бар кілемшелер жайылады. Балалар цифрлар үстімен секіреді, оларды ретімен тура және кері санайды. Мысалы, бірінші 1 цифрына, содан кейін 2 цифрына және т.с.с. 10-ға жеткенше секіреді. Содан кейін олар 10 санынан кері секіре алады және 1-ге жеткенше сандар бойынша кері санауды айтады. 3-тапсырма. Заңдылығын тауып, боя. «Түйме және моншақпен жұмыс жасау» ойын жаттығуы. Балалар		ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды ынталандырады. Ол қандай тапсырмалар ерекше қызықты болғанын айтуды сұрайды. Балаларға өз жұмысын бағалау үшін дәптердегі бағдаршамды бояуды ұсынады.	пысты, ол мұз болып қозғала алмай қалғанына ренжіді. Күн жылына бастады, тамшы қайтадан еркін қозғала бастады, күн ыси берді, енді тамшы өте жеңіл болып, аспанға көтерілді, аппақ бұлттарға айналды». – Ертегі не туралы? Тамшы қалай саяхаттады? – Ол жерге жаңбыр болып жауды, шалшықта жиналды, көлге ағып құйылды, мұз болып қатты, еріп, бу болып қайта аспанға көтерілді. – Дұрыс айтасындар, бұл ертегіде табиғаттағы су айналымы туралы айтылды. Интербелсенді
--	---	--	--	--	--

		түймелерді/монш ақтарды жіпке тізіп, әртүрлі үлгілер мен түс комбинацияларын жасайды. «Біз жолменен жүреміз» ойын жаттығуы. (Үлестірмелі материалдар, №4 парак). Педагог саусақпен жол бойымен жүргізуді сұрайды. Нүктені көрсетеді, бұл – қозғалыстың басталуы.			тақтадан жаңбырдың түзілуі жайлы бейнебаян көрсетіледі: Өзен, көл, теңіздегі су буланып, аспанға көтеріледі, бұлттарға айналады, бұлттар жиналған будан ауырлай бастайды да, жерге тамшы болып жауады, яғни жаңбыр түзіледі. Осылай тамшылар айналып жүре береді, жел бұлттарды айдайды, олар қалың бұлт, нөсер бұлтқа айналады, қыста қар болып жауады, қар аралас жаңбыр, бұршақ түрінде жерге жауады. Жаңбыр – бұлттан бөлініп, жерге түсетін
--	--	---	--	--	---

					атмосфералық су тамшылары. Күңгірт, қара сұр бұлттар жаңбырдың жақындағанының айқын белгісі. Бұл бұлттардың тығыздығы және ылғалға толы болғаны сонша, олар арқылы күн сәулесі өте алмайды. Ең қатты жаңбыр жеткілікті биіктікте қалқып жүрген тығыз және қара бұлттардан келеді. Аспанда найзағай жарқылдайды, күн күркіреді және мұның бәрі күшті жел мен қатты жаңбырмен бірге жүреді. Су үздіксіз қозғалыста болады – теңіздер мен өзендердің
--	--	--	--	--	--

					бетінен атмосфераға буланып ұшып , жаңбыр болып жерге түсіп, қайтадан теңізге ағады. Бұл үздіксіз қозғалыс табиғатта су айналымы деп аталады.
--	--	--	--	--	---

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Бозінген» күйі
Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,

		
--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Қазақ тілі Әжемнің базарлығы Міндеті: - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын»,	Қазақ тілі Асханада Міндеті: - - Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, Ойын	Сөйлеуді дамыту Мен ғарышкер боламын Міндеті: --Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру Ғ» дыбысын буын	Көркем әдебиет Көкек Міндеті: - Сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру. Тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Сырмақты әшекейлейміз Міндеті: -- Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді
--	--	--	---	---	--

	«туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. – Мынау не? – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). – Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт. «Құрт» сөзін	«Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды. Мысалы: – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды). – Рақмет. Палау дәмді болды	ішінде келтіріп қайталату: Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы. «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз. «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады	– Балалар, ертекші әжей бізге жаңа ертегі әкеліпті. Бұл ертегі «Көкек» деп аталады. Көкек – әнші, сайрауық құс. Ол жұмыртқасын өзі басып шығармайды, басқа құстың ұясына салып кетеді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді, слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: дана – парасатты, білімді адам болжай алмайсың – алдын ала не болатынын білмейсің Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Көкек қайда ұшып келеді? Көкек не үшін күлді? – Дана адам көкекке не айтты? – Көкек не істеді? Көкек сөзіне сөйлем құра. – Дана адам балаларға не үшін құсты босаттырды?	пішіндерді безендеруге үйрету - - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - - Ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай
--	--	--	--	--	--

	жеке-жеке айтып жаттығады. – Мынау не? – Мынау – құрт. – Мынау – қымыз. Мынау не? – Мынау – қымыз. – Қымыз өте дәмді. – Қымыздың дәмі қандай? – Қымыз өте дәмді. – Мен қымыз ішемін. – Сен не ішесін? – Мен қымыз ішемін. – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат. – Мынау не? – Мынау – шұбат. – Шұбат өте дәмді. – Шұбаттың дәмі қандай? – Шұбат өте дәмді. Балалар сөздерді және сөйлемдерді				білу Топтық жұмыстар
--	---	--	--	--	------------------------------------

	қайталайды. – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай? – «Қ» дыбысы				
--	--	--	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ

ЕРЕЖЕЛЕРІ»

Мақсаты: балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету. .

Тәрбиеленушілерді қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерімен таныстыру: Саябақтар мен ойын алаңдарында: Ешқашан ата-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз. Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. Сынған әткеншектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз. Кинотеатрлар мен сауда орталықтарында: Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз. Егер сізді біреу шақырса, дереу үлкендерге айтыңыз. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері: Автобустар, трамвайлар және метрода: Көлік жүргізу кезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеден еңкеймеңіз. Салонда жүгірмеңіз. Тек ересек

Пайдалы сілтемелер:
https://www.youtube.com/watch?v=v35mrFKL1Sw&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=29
<https://www.youtube.com/watch?v=VDTxhl7wPJE&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=4>



адаммен бірге кіріп-шығыңыз. Сюжетті-рольдік ойындар: Жағдаяттарды сомдаңыз: саябақта адасу, автобуста жүру және т.б. Әрбір жағдайға сәйкес ережені талқылаңыз. Негізгі ережелерді қайталаңыз және балаларға бекіту сұрақтарын қойыңыз.					
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене тәрбиесі Байқоңыр Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп	Музыка Ғарыш әлеміне саяхат Міндеті - - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова) Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов) «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақтық	Дене тәрбиесі Байқоңыр Міндеті: - - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын	Дене тәрбиесі Біз жұппыз Міндеті: -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Баскетбол себетіне доп лақтыру. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.	Музыка Ғарыш әлеміне саяхат Міндеті: - Музыкалық дыбысталудың сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова) Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов) «Ғарышкер боламыз»

кетуге үйрете түсу Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң	қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)	сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.	Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке	(Ш. Мұхамеджанов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)
---	--	---	--	--

	және сол аяқпен кезек алып жүргізеді				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Сәуір Серуен-Бақылау №18 Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппак, аппак бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая	Сәуір Серуен-Бақылау №19 Бақылау: Жолжелкенді бақылау Мақсаты:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде,	Сәуір Серуен-Бақылау №20 Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ,	Сәуір Серуен-Бақылау №21 Бақылау: Ауа-райын бақылау Мақсаты:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Мендібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоктары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Жеке жұмыс ♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ Ал, сендер суреттен не көріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн	Сәуір Серуен-Бақылау №22 Бақылау: Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйуге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? Жеке жұмыс ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?

	бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Жеке жұмыс ◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ◆ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ◆ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?	ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиканға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Жеке жұмыс ◆ Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) ◆ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар) ◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп	Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Жеке жұмыс ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б.) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырска). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырска) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырскалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».	жылығандықтан) ◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ◆ Жаңбыр қандай температурада жауады? ◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға,	◆ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ◆ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ◆ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ◆ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.
--	--	---	---	---	--

	Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүліңді тап». Мақсаты: —түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен) ♦ Оны неге олай атаған? ♦ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. . Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген күштарлықтарын	Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; —Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша
--	---	---	---	---	---

		арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе- тендікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша			
Серуенне н оралу	Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
Балаларм ен жеке жұмыс	Алтай Асылымға Көктем мезгілінің белгілерін үйрету	Өзденбай Балымға Мақал-мәтел: Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт	Оразханқызы Ұлжанға Көктем киім үлгілерін білуге үйрету	Қанат Бақдәулетке Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Көшербай Адияға Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
Балалард ың іс- әрекеті (ойын,тан ымдық, коммуник ативтік,ш ығармаш ылық,экс	Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.	Ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру. Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кесе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы	Ойын:«Тігінші» Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді) Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек. Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі	Артикуляциялық жаттығулар: Ойын:« Часы» «Сағат» Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.	Аз қимылды ойын: Ойын: «Қуғыншыдан құтқару» Мақсаты: балаларға тез бұлтартып жүгіру тәсілдерін меңгерту. Ойын шарты: Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың

перимент алдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. Ойын барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Өнерім қол ұшында, Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші. 	халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді? Балалар белгілеп береді. - Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.	бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс	• «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. • «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. «Дәмді тосап» Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.   	арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады. Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе; Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе; Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады. Ойынның ережесі: 1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады. 2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдістемелік нұсқаулар. Бұл ойынды
---	---	---	---	---	--

					ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек. Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады. Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады. Ойынның педагогикалық маңызы. Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады. 
--	--	--	--	--	--

Балалард ың үйге қайтуы

Өнегелі 15 минут



БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ,
САЙТТАРҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ПЕН
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ
ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ
ТАРТЫЛҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН
ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ



БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ
АЛҒАШҚЫ КҮМӘНДАР ПАЙДА БОЛҒАН
КЕЗДЕ, ӨЗ АЛАҢДАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ
АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҢЫЗДЫ ӨЗ
ҚАУІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ
ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУГЕ ШАҚЫРЫҢЫЗ



Өнегелі 15 минут

ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН
АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ



Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – балаңызды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешім табуына қолдау көрсетіңіз



Өнегелі 15 минут



«БАЛА КАУПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»

ҚАЗІРҒІ ҚОҒАМДЫ АЛАҢДАТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ
БІРІ – БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ АҚІЛМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ҚАҢЫСЫДЫ

**ҚАҒИПТЕ
АЛДЫН
ҮШІН НЕ
НЕРЕК?**

- **АТА-АНА БАҚЫЛАУЫ.** Күрескерлерде ата-ана бақылауы сүйсіздіктер қолданылады.
- **АШЫҚ ДИАЛОГ.** Балаларыңызбен үнемі байланыста болыңыз.
- **БАҚЫЛАУ.** Баланың не жепті, қандай ойындармен сөйлесуін қызығалық қылыңыз.

**БІЗ КЕЛЕСІ НАҒТЫ
ҰСЫНЫСТАРДЫ ҰСЫНАМЫЗ**

• *Isotria medeolae*

- [illegible]

WORLD AND THE ENVIRONMENT: THE ENVIRONMENTAL ETHICS
OF THE FUTURE: THE ENVIRONMENTAL ETHICS OF THE FUTURE

Өнегелі 15 минут

Бүлүм – бир жүйөлү түрдө бир адамды көнөсө, адамдар тобун коргоочу, кызык коргоочу жана көрмө, жамбылы, жолу.

Кибербуллинг – интернеттің әгрессивті әрекеттер, соның ішінде алаяқтық, жәбірленушілер мен насихаткерлер арасындағы троллинг пен қарғылу, бұйықтар немесе кибербуллинг мәселелерін шешу үшін ата-аналарды, мұғалімдерді және оқушыларды компьютерге көңілді тарту.

Болснн булзгестн мнн сабербулзгестн крстн унн

• Болсаңарбен сөңдї қарын-қатынас орнатып, жїе сөйлесу

- Билдерүүлөр бүткүл жана маданий-информациялык тармактарда тармактан, даражада өскөн эчине айрым.

- БОЛОҢҒАРДЫҢ ЗАҢНАМАСЫН ЖӘНӨ ОҚОҒАТҚЫЗДЫҚ ДӘРІСҚАРАМ ДӘРІСТІ

- Kryptotyp: definiert 2 Mindestanforderungen an die Darstellung von Texten

Бірюк І. В. *Українська література ХХ століття*. Київ: Либріум, 2010. 304 с.

• Бала қатты сүйсінгене ұмтыраған жағдайда баланың денесіне қолданушының денесіне қарама-қарсы бағытта қозғалыс жүзеге асырылады.

болса, саныбын немесе нөктесін ауыстыру.

• Интернетте қауіпсіз қарым-қатынас ережелері

doi:10.1017/S0022292412001799

• Пневматик жалпырақ және ауқаротты
(мәңгі-жазы, пайдалан және т.б.) жинағысы.

⁴ *Extraneous stimuli*—stimuli that were not relevant to the task.

Ересектердің балаға құрмет көрсетіп,

Downloaded from <http://ajphaphysocpharm.sagepub.com>